

ISSN 2616-6895

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Евразийского национального
университета имени Л.Н.Гумилева

BULLETIN
of the L.N.Gumilyov Eurasian
National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Серия **ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ**

3(124)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы
п.ғ.д., проф.
А.А. Молдажанова (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)

А.Р. Ерментаева, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (социология)

Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.

п.ғ.д. (Ресей)

Исламова З.М.

п.ғ.к., доцент (Ресей)

Кажғалиева А.

докторант (Қазақстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Қазақстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Сейтқазы П.Б.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Сунарчина М.М.

э.ғ.д., проф. (Ресей)

Толеубекова Р.К.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Уразбаева Г.Т.

п.ғ.д., доцент. (Қазақстан)

Хан Н.Н.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

э.ғ.д., проф. (Түркия)

Шайхисламов Р.Б.

э.ғ.д., проф. (Ресей)

Шалғынбаева Қ.Қ.

п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген

Д.С. Байтлесова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.

27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.
A.A. Moldazhanova (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy)

G.Zh.Menlibekova, Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.
(Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (psychology)

A.R. Yermentayeva, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief (sociology)

N.O. Baigabylov, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Hayati Tufekcioglu

Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)

Islamova Z.M.

Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof (Russia)

Ivanova G.P.

Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)

Kazhgaliyeva A.

Doctoral Candidate (Kazakhstan)

Kaldybayeva O.V.

PhD (Kazakhstan)

Khan N.N.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Koleva I.

Dr. (Bulgaria)

Seytkazy P.B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Shaikhislamov R.B.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Shalgynbayeva K.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Sunarchina M.M.

Doctor of Sociology, Prof. (Russia)

Toleubekova R.K.

Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)

Urazbayeva G.T.

Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof (Kazakhstan)

Responsible secretary, computer layout:
D.S. Baytlessova

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University Pedagogy. Psychology. Sociology Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-432)

Главный редактор
д.п.н., проф.
А.А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)

Г.Ж. Менлибекова, д.п.н., проф.
(Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)

А.Р. Ерментаева, д.п.н., проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора (социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Кажгалиева А.

докторант (Казахстан)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толеубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., доцент (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Ответственный секретарь, компьютерная верстка
Д.С. Байтлесова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 17001-Ж от 27.03.18.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Әлімқұлова Ә.Ж., Әбелдына Ж.Қ., Әшірбекова А.Қ., Муханбетова. Н.А.</i> Жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық технологияларын қолдану жолдары.....	8
<i>Байдрахманов Д.Х.</i> Өзгеріс уақытындағы сәтті көшбасшылықтағы эмоциялар.....	18
<i>Бурмистрова В.А., Медиева С.К.</i> Медицина мамандықтарының басқа тілді студенттерді даярлауда тестік формадағы тапсырмалармен қантталған оқу мәтіндерді қолданудың теориялық моделі мен педагогикалық технологиясы.....	23
<i>Елубаева П.К., Исламбекова А.К.</i> Подкасттар студенттердің лингво-мәдени, әлеуметтік-мәдени және тұлғаға негізделген компетенцияларын дамыту құралы ретінде.....	31
<i>Заиниева Л.Ю., Зыкова Н.М., Заурбеков К.С.</i> Жоғарғы мектепте ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі.....	37
<i>Иманбаева С.Т., Джанзакова Ш. И.</i> «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық ағдарламасының зиялы орта құрудағы маңызы.....	44
<i>Қанан А., Табыс Е.</i> Көлемді ашық онлайн курстарының (МООС) жоғарғы білім беру жүйесіне ықпалы	51
<i>Қурманбаев Р.Х., Унгарбаева Г.Р., Таженова С.Қ.</i> БАОӨЖ сабақтарында критериалды бағалауды пайдалану жолдары	61
<i>Мардахаев Л.В.</i> Оқытушының педагогикалық шеберлігі мен педагогикалық мәдениеті.....	68
<i>Мурзина С.А., Молдабекова С.К.</i> Құзыреттілік тұғырындағы заманауи педагогтың моделі.....	77
<i>Мурзина С.А., Навий Л.Н.</i> Біліктілікті арттыру жүйесінде үздіксіз білім беруді жүзеге асыру: психологиялық-андрологиялық негіздері.....	86
<i>Насимов М.Ө., Майгельдиева Ш.М.</i> Білімнің салтанат құруы: білімнің мәні, қажеттілігі және негізгі түсініктері	91
<i>Нурлыбекова А. Б., Мамадалиев С.</i> Болашақ мұғалімдерді жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқуын гуманистік-бағдарлық алдын алуға дайындау	99
<i>Раманова Л.Б., Ибадуллаева С.Ж., Ауезова Н.С.</i> Биология мамандығы студенттерінің көптілді білім беру барысындағы білім деңгейінің динамикасы	104
<i>Саипов А.А.</i> Экологиялық компоненттер географиялық білімнің негізгі құраушысы ретінде.....	109
<i>Салиева А.Ж., Токатлыгиль Ю.С.</i> Жоғары білім беруді модернизациялау жағдайында білім беру бағдарламаларының ғылыми-зерттеу компоненті.....	117
<i>Төребаева К. Ж., Мамбеталина А.С., Туребаева Ш. М.</i> Болашақ педагог мамандарға ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелері.....	122
<i>Туралбаева А.Т., Фазлыева Г.К.</i> Біліктілікті арттыру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі дамытуының кейбір мәселелері.....	130
<i>Устелимова Н.А., Чигирин Е.А.</i> Шет тілін жоғары оқу орындары тілдік емес факультеттерінде оқыту: теория мен практика.....	136
ПСИХОЛОГИЯ	
<i>Абдыкаликова М.Н.</i> Мемлекеттік органның кадрлық жүйесін жетілдіру: психологиялық аспект.....	142
<i>Валиева А.Б., Кабакова М.П.</i> Жұбайлардың жас айырмашылығының ерлі-зайыптылық конфликт себептеріне әсері.....	148
<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Бимендина К.М.</i> Студенттердегі психологиялық даярлықтың құрылымы	153
СОЦИОЛОГИЯ	
<i>Тусупбеков Ж.А., Байгабылов Н.О.</i> Әлеуметтану ғылымындағы жаһандану ұғымы және оның әлеуметтік – мәдени өлшемі.....	162

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Alimkulova E.Zh., Abeldina Zh.K., Ashirbekova A. K. , Mukhanbetova N.A.</i> Ways of use of innovative technologies of training in higher educational institutions.....	8
<i>Baidrakhmanov D.Kh.</i> Emotions in Successful Leadership in Times of Change.....	18
<i>Burmistrova V.A., Mediyeva S.K.</i> Theoretical model and pedagogical technology of using of quantified educational texts with items in a test form in foreign language training of medical students	23
<i>Yelubayeva P.K., Islambekova A.K.</i> Podcasts as a means of the development of linguo-cultural, socio-cultural and person-centered competence of students.....	31
<i>Zainieva L.Y., Zykova N.M., Zaurbekov K.S.</i> Efficiency of application of information technologies in the high school.....	37
<i>Imanbayeva S.T., Janzakova Sh.</i> The importance of the national program “intellectual nation – 2020” in the creation of the intellectual environment	44
<i>Kanan A., Tabys E.</i> The impact of massive open online courses (MOOCs) on higher education	51
<i>Kurmanbayev R.Kh., Ungarbayeva G.R., Tazhenova S.K.</i> Application of criteria-based evaluation in the classroom.....	61
<i>Mardakhayev L.V.</i> Pedagogical mastery and pedagogical culture of the teacher.....	68
<i>Murzina S.A., Moldabekova S.K.</i> Model of the modern teacher from the position of competence-based approach	77
<i>Murzina S.A. Naviy L.N.</i> Continuous education in the system of professional development: psychological-andragogical basis.....	86
<i>Nassimov M.O., Maigeldiyeva Sh.M.</i> The cult of knowledge: essence, need of knowledge and basic concepts.....	91
<i>Nurlibekova A. B., Mamadaliev S.</i> Preparing a future teacher for humanistically directed prevention deviant behavior of adolescents.....	99
<i>Ramanova L.B., Ibadullayeva S.Z., Auezova N.S.</i> Dynamics of the level of knowledge of students of biological speciality in polylingual education.....	104
<i>Saipov A.A.</i> Environmental components as the main components of geographical education.....	109
<i>Saliyeva A.Zh., Tokatligil Yu.S.</i> Research Component of Educational Programs in the Conditions of Modernization of Higher Education	117
<i>Turebayeva K.Zh., Mambetalina A.S., Turebayeva Sh.M.</i> Problems of formation of information culture and training of future teachers on the basis of information and communication technologies.....	122
<i>Turalbayeva A.T., Fazlieva G.K.</i> Some problems of self-development of the person in the system of professional development.....	130
<i>Ustelimova N.A., Chigirin E.A.</i> Teaching a foreign language in non-linguistic faculties in higher educational institutions: theory and practice.....	136

PSYCHOLOGY

<i>Abdykalikova M.N.</i> Perfection of the personnel management system of the public organizations: the psychological aspect.....	147
<i>Valiyeva A.B., Kabakova M.P.</i> Influence of difference in age of spouses on the causes of marital conflicts....	148
<i>Yermentayeva A.R., Aubakirova Zh.K., Bimendina K.M.</i> Structure of psychological preparation of students....	153

SOCIOLOGY

<i>Tusupbekov Zh.A., Baigabylov N.O.</i> The concept of globalization in sociology science and its socio-cultural dimension.....	162
--	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Алимкулова Э.Ж., Абельдина Ж.К., Аширбекова А.К., Муханбетова Н.А.</i> Пути использования инновационных технологий обучения в высших учебных заведениях.....	8
<i>Байдрахманов Д.Х.</i> Эмоции в успешном лидерстве во времена перемен.....	18
<i>Бурмистрова В.А., Медиева С.К.</i> Теоретическая модель и педагогическая технология применения квантованных учебных текстов с заданиями в тестовой форме в иноязычной подготовке студентов медицинских специальностей.....	23
<i>Елубаева П.К., Исламбекова А.К.,</i> Подкасты как средство формирования и развития лингвокультурологической, социокультурологической и личностно-центрированной компетенции студентов.....	31
<i>Зайниева Л.Ю., Зыкова Н.М., Заурбеков К.С.</i> Эффективность применения информационных технологий в высшей школе.....	37
<i>Иманбаева С.Т., Джанзакова Ш.И.</i> Значение национальной программы «Интеллектуальная нация - 2020» в создании интеллектуальной среды.....	44
<i>Канан А., Табыс Е.</i> Влияние массовых открытых онлайн-курсов (МООС) на систему высшего образования.....	51
<i>Курманбаев Р.Х., Унгарбаева Г.Р., Таженова С.К.</i> Применение критериального оценивания на занятиях СРСП.....	61
<i>Мардахаев Л.В.</i> Педагогическое мастерство и педагогическая культура преподавателя.....	68
<i>Мурзина С.А., Молдабекова С.К.</i> Модель современного педагога с позиции компетентного подхода.....	77
<i>Мурзина С.А., Навий Л.Н.</i> Реализация непрерывного образования в системе повышения квалификации: психолого-андрагогические основы.....	86
<i>Насимов М.О., Майгельдиева Ш.М.</i> Культ знания: сущность, необходимость знания и основные понятия.....	91
<i>Нурлыбекова А. Б., Мамадалиев С.</i> Подготовка будущего учителя к гуманистически направленной профилактике отклоняющегося поведения подростков.....	91
<i>Раманова Л.Б., Ибадуллаева С.Ж., Аuezова Н.С.</i> Динамика уровня знаний студентов биологической специальности в полиязычном образовании.....	104
<i>Саипов А.А.</i> Экологические компоненты как основные составляющие географического образования.....	109
<i>Салиева А.Ж., Токатлыгиль Ю.С.</i> Научно-исследовательский компонент образовательных программ в условиях модернизации высшего образования.....	117
<i>Туребаева К.Ж., Мамбеталина А.С., Туребаева Ш.М.</i> Проблемы обучения и формирования информационной культуры будущих педагогов на основе информационно-коммуникационных технологий.....	122
<i>Туралбаева А.Т., Фазлыева Г.К.</i> Некоторые проблемы саморазвития человека в системе профессионального развития.....	130
<i>Устелимова Н.А., Чигирин Е.А.</i> Преподавание иностранного языка на неязыковых факультетах в высших учебных заведениях: теория и практика.....	136
ПСИХОЛОГИЯ	
<i>Абдыкаликова М.Н.</i> Совершенствование системы управления персоналом государственного органа: психологический аспект.....	142
<i>Валиева А.Б., Кабакова М.П.</i> Влияние разницы в возрасте супругов на причины супружеских конфликтов.....	148
<i>Ерментеева А.Р., Аубакирова Ж.К., Бимендина К.М.</i> Структура психологической подготовки студентов.....	153
СОЦИОЛОГИЯ	
<i>Тусупбеков Ж.А., Байгабылов Н.О.</i> Концепция глобализации в социологии и ее социокультурном измерении....	162

СОЦИОЛОГИЯ SOCIOLOGY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 162-167 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 162-167 pp.
<http://bulpedps.enu.kz/>; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

XFTAP 04.51.51.

Ж.А. Тусупбеков¹, Н.О. Байғабылов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹zh.tusupbekov@gmail.com ²n.baigabyl@gmail.com)

Әлеуметтану ғылымындағы жаһандану ұғымы және оның әлеуметтік – мәдени өлшемі

Аннотация. Мақалада жаһандану үрдісінің теориялық тәсілдерінің зерттелуі қарастырылған. Жаһанданудың Валлерстайн, Робертсон, Гидденс, Аппадурраи секілді негізін салушылардың әзірлеген жаһанданудың әртүрлі модельдері көрсетілген. Мәдениеттің жаһандануы (мәдени жаһандану) туралы негізгі тұжырымдарды талдау барысында жаһанданудың позитивті және негативті үрдістерін талқылауға әрекет жасалды. Авторлар мәдениет жаһандануының қазіргі теориясы айқын түрде идеологиялық сипатқа ие екендігі туралы қорытындыға келеді. Егер глобалистер жаһанданудағы мәдениетті сөзсіз болатын үрдіс және адамзат даму тарихының жалғыз позитивті жолы деп білсе, скептикалық тұрғыдағы авторлар жаһандану мәдениеті болмайтынын көрсетеді, оның себебі, лаколизация феноменінің (глокализацияның) пайда болуында, яғни батыстық жаһандық модернизациядан бас тартуына байланысты.

Түйін сөздер. Глобализация, гегемония, мәдениет, жаһандық мәдениет, ұлттық мәдениет, мәдени империализм.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-162-167>

Жаһандану теориясы қазіргі әлеуметтану ғылымындағы өзекті тақырыптың бірі. Жаһандану қазіргі замандағы маңызды әлеуметтік аспектілердің өзгерісін қамтиды және бүкіл әлемдік қауымдастықтың тұтас дамуының теориялық сценарийін жасайды. Бұл теорияларды әлеуметтану ғылымы жаһандану және модернизация парадигмалары арқылы қарастырады.

Жаһандану сөзі алғаш рет 1950 жылдары (to globalize) [1] жаһандандыру етістігінде қолданылды. Аталмыш терминді 1981 жылы американдық әлеуметтанушы Дж. Маклин «жаһанданудың тарихи үрдісінің қалыптасуын мен әлеуметтік қатынастарға түсініктеме беру» тұжырымдамасын зерттеуге шақырды [2].

1983 жылы ағылшындық социолог Р. Робертсон алғашқы рет өзінің зерттеулерінің бірінде globality терминін қолданса, 1985 жылы ол жаһандану ұғымын толық түсіндірді, 1992 жылы «Жаһандану, әлеуметтік теория және жаһандық теория» атты зерттеуінде жаһандану тұжырымдамасының негіздерін анықтаған. Сол уақыттан бері «жаһандану» термині халықаралық экономикалық қатынастарға қатысты кеңінен қолданылды. «Жаһандануға» арналған барлық ғылыми зерттеулердің басым бөлігі 1990-шы жылдардың басында ғана пайда болып, бұл тақырыптың төңірегінде кітаптар мен мақалалар қарқынды түрде өсті [3].

1983 жылы Т. Левитт «Harvard Business Review» зерттеу мақаласында трансұлттық корпорациялардың өндіретін жекелеген өнімдер нарығын біріктіру үрдістерін талдау барысында қолданған [4].

Әлеуметтанушылар айқындаған жаһанданудың анықтамалары мен сипаттамалары көп болса да, ғылымда әлі күнге дейін жалпыға ортақ қабылданған теориясы жоқ, оны Р. Робертсон мен Я. Шольтенің [5] зерттеу тұжырымдарынан көруге болады. Онда жаһандану объектілік зерттеуден тұтас ғылыми көрініске айналған.

Бастапқыда, жаһандану батыстың әсер ету салдары ретінде қарастырылса, пост дәстүрлі қоғам бірінші жаһандық қоғам ретінде сипатталған. И.Валлерстайнның әлемдік жүйелік талдау тұжырымдамасының алғашқы нұсқасында, Кеңес Одағының ыдырағаннан кейінгі АҚШ-тың жаһандық артықшылығы туралы мәлімдемесі болатын [6].

Р. Робертсон ұстанымы бойынша жаһандану плюралистік үрдіс, оның пікірінше, жаһандануды тек Батыстың ерекше даму нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар батыс елдерінің басқа әлеммен экономикалық, әскери-саяси, сауда-технологиялық, мәдени, діни, басқа салалардың өзара әрекеттесу нәтижесінде орын алған. Робертсонның пікірінше, жаһандану көптеген өзгерістердің үлгісін біріктіреді және әлемнің плюралистік дамуының нәтижесі болып табылады [4].

Э. Гидденс «Модерннің салдары» кітабында жаһанданудың бес негізгі ерекшелігіне талдайды және кейінгі модерн қоғамын талдауда жаһандану мәселесіне көп көңіл бөліп, жаһандануды күнделікті өмірде және әлемдік әлеуметтік қатынастарда орын алатын құбылыс екенін жазады [7-63 б.].

У. Бек жаһандануды бүкіл адамзаттың «жарқын болашағы» әрі космополитті қоғамды құрудың алғышарты ретінде қарастырады [8-190 б.]. У. Бектің пікірінше жаһандану «бір-бірімен шектеспейтін күнделікті әрекеттердің экономика, ақпарат, экология, технология, азаматтық қоғамның транс мәдени қақтығыстардың әртүрлі өлшемдері ...» [9-44 б.].

П. Тейлор «жаһандану» терминін XVIII ғасырдың соңында пайда болған «интернационализация» ұғымымен салыстырады [10]. Ал, ресейлік ғалым И.А. Гобзов ғалымдардың жаһандануды интернационализация ұғымымен шатастыратынын айтады [11]. Жалпы интернационализацияға антика дәуірінде пайда болған мемлекеттердің жақындасуын, XV ғасырдағы географиялық жаналықтардың ашылуын жатқызуға болады. Ғалымның пікірінше жаһандану Кеңес үкіметі ыдыраған уақытта пайда болған [11] және ол (М.Фридмен және Ф. Хайектің) неолиберализм теоретикасына негізделген.

«Сындарлы он жыл» кітабында Н.Ә. Назарбаев [12] жаһандану феноменін керекті дәрежеде түсінбейінше, геосаяси және тарихи бағалы субъект ретінде бірде-бір қадам жасауға болмайтынын ескертеді.

Жаһандану туралы ғылыми зерттеулерді үш негізгі топқа бөлуге болады. Біріншісі глобалистердің жұмыстарымен ұсынылған, онда жаһандық үдерістер адамзат тарихындағы жаңа кезең ретінде қарастырылады. Глобалистер үшін бүкіл әлем бойынша батыстық либералды демократияның таралуы ұлттық мемлекет шекараларының жойылуына ортақ экономикалық, әлеуметтік және саяси стандарттарға негізделген жаһандық өркениеттің қалыптасуын білдіреді. XX ғасырдың 80-ші жылдары АҚШ пен Ұлыбритания лидерлері Р. Рейган және М. Тэтчер нарықтық еркін экономика идеологиясында нарықтық қатынастардың қарапайым таралуы кедейлікті жойып, түрлі мемлекеттердің мәдениетін біріктіруді насихаттаған.

Жаһандану феноменін зерттеушілердің екінші тобы – скептиктер олар экономика мен халықаралық қатынастарға көңіл бөлген. И. Валлерстайн «Жаһандану немесе өтпелі кезең? Әлемдік жүйе траекториясының ұзақ мерзімді көрінісі», Дж. Гелбрейт «Жаңа индустриалды қоғам», В. Иноземцев «Постэкономикалық қоғам концепциясы», М. Кастельс «Ақпараттық қоғам: экономика, қоғам және мәдениет», П. Хирст, Г. Томпсон, И. Л. Вайс П. және басқаларының еңбектерінде қарастырылған. Олардың пайымдауларына, жаһандану адамзат дамуындағы жаңа кезеңді қалыптастырмайды, керсінше ол экспансияның жалғасы, ол батыстық үлгідегі капитализмнің жалғасуына ал халықаралық тәртіп әскери және геосаяси тұрғыда күшті мемлекеттердің үстемдігімен жүрмек, әсіресе АҚШ - тың.

Скептиктердің көзқарастарын неокOLONиализм теориясымен қарастыруға болады. НеокOLONиализм – әділетсіз саяси, экономикалық байланыстар арқылы, бұрынғы отарлаушы әлемнің қалаған елдерге әскери күшпен монополиялық әрекеттері арқылы ХҚҰ (Халықаралық қаржы ұйымы) және ТҰК (Трансұлттық корпорациялар) негізделген жүйені енгізуі. Жаһандық жүйе барысында еңбек бөлінісі қалыптасады, бұрынғы колониалды мемлекеттер экономикалық қаражат орталықтарын иеленіп, әлемдік қаржы – саясат жүйесін бақылауда ұстап, қалған (отарланған) аймақтарды аграрлы – шикізат пен қамтамасыз ететін орталықтарға айналдырады. Жаһандық еңбек бөлінісі жүйесіне айналған мемлекеттердің жағдайында, олар өз тәуелсіздіктерінің біраз бөліктерінен және протекционалды саясат жүргізу мүмкіндіктерінен айрылып, нәтижесінде

индустриалды қоғамға дейінгі және индустриалды қоғамның жағдайына енеді. Яғни, жаһандану арқылы, батыстандыру және «алтын миллиард» концепциясының мақсатын (экономикасы мықты дамыған елдердің азаматтарына ерекше жағдай жасауға арналған) жүзеге асыру. «Алтын миллиард» концепциясы трансұлттық корпорациялар арқылы жасалады. Американдық зерттеуші Хомский: «Мықты елдердің әсіресе, АҚШ үкіметі корпорациялардың сауда операциялары мен басқа да келісімдерін жеңілдетуге және аталмыш ұлттың өкілдеріне ешқандай міндеттемелердің болмау жолдарын іздестіреді» [13]. Жаһанданудың саяси салдары З. Бауман «Жаһандану. Адам мен қоғам үшін салдары» У. Бек «Жаһандану дегеніміз не?», З. Бжезинский «Таңдау: Әлемдік үстемдік немесе жаһандық көшбасшылық», және басқалардың еңбектерінде қарастырылған.

Үшінші топ трансформация көзқарасын ұсынады, онда қоғам мен әлемдік тәртіп өзгеріске ұшырайды. Бұл бағытта жаһандану жағдайындағы мәдени өлшем мен мәдени аралық, өркениет аралық, глобальді мәдениет, мультимәдениеттің қалыптасуы зерттелген. 1990 жылы жетекші теоретиктер И Валлерстайн, М. Арчер, М. Файерстоуна, А. Аппадурои, Б. Тернер және басқаларының «Жаһандық мәдениет» [14] атты мақалалар жинағы жарық көрді. Олардың пайымдауларына жаһандану жағдайында экономика мен саясатқа қарағанда мәдениет саласы маңызды әрі негізгі роль атқарады. Себебі қазіргі әлем динамизмі, өзара тәуелділік, қарама-қайшылық және конфликттік үрдістермен ерекшеленеді. Бүгінде олардың алдын алатын бірыңғай жолдары жоқ. Жалпы адамзаттық құндылықтар, келісімге келу мүмкіндіктеріне тек мәдениет қана ие. Мәдениет миссиясы ұлттық проблемалармен шектелмейді, ол бүкіл адамзат өмірінің негізгі бағыттары мен мағынасын айқындайды.

2013 жылғы еуропалық дағдарысты көптеген елдердің көшбасшылары мен ғалымдары, объективті түрде әлеуметтік-мәдени сипатта екенін мойындады. Жалпы қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріне қатысты мәселелерді алғаш рет 1960 жылдары Франкфурт мектебінің өкілдері қарастырды. Х. Ортега Гассет, Д. Бэлл, Г. Лебон, Г. Тард, О. Тофлердің жұмыстарында бұқаралық қатынастың қоғамының трансформациялануына, әлеуметтік қарым-қатынастарға әсері зерттелген. Қоғамдағы өзгеріс факторлары американдық әлеуметтанушы Арджун Аппадуройдың зерттеуінде [15] көрініс тапты. Оның пайымдауына жаһандану барысында «жаһандық мәдениет ағымы» қалыптасады, ол бес мәдени-символикалық кеңістік-ағымдарға бөлінеді:

1. этнокеңістік (ethnoscape) туристердің, көшіп келушілердің, босқындардың, гастарбайтерлердің ағымы арқылы қалыптасады;
2. технокеңістік (technoscape) - технологиялардың ағымы;
3. қаржылық кеңістік (finanscape) - капитал ағымы;
4. медиа кеңістік (mediascape) - суреттер ағымы;
5. идея кеңістік (ideoscape) - идеология ағымы

Бұлар тұрақсыз өзгермелі үрдістер болғаннан кейін гомогенизация емес гетерогенизацияға жақын. Әлеуметтік – мәдени өзгерістерді зерттеуде Р. Робертсон үлкен үлес қосқан. Ол мәдени жаһандану тұжырымдамасын едәуір кеңейтіп оны, мәдени гомогенизация, унификация және глокализация тұрғысынан қарастырып, әлемнің жаһандық белгісіздік кезеңіне өткенін жариялаған.

Р. Робертсон жаһанданудың екі бағытын анықтады: 1. Жаһандық институционализация әлемі ол күнделікті локальді өзара әрекеттесуді және әлемдік деңгейдегі макроқұрылымды тікелей әлеуметтендіру әсері ретінде түсіндіріледі. Бұл әсер үш фактордың әрекетінен орын алады: капитализм экспансиясы, батыс империализмі, жаһандық БАҚ жүйесінің дамуы. Бұл факторлардың әсері «жалпы адамзат құндылықтарын» экспансиялауға айналады, стандартты эстетикалық және мінез-құлық үлгілерінің символдарын жаһандық желілер арқылы таратады (мысалға, CNN және MTV) және ТҮК (Coca-Cola және General Motors); 2. жаһандық локализация – басқа мәдениеттерді тани отырып қоғамдастық құру [16, 15 б.].

Бұқаралық мәдениетті З. Бжезинский, «АҚШ-тың геосаяси басымдықтарын қамтамасыз ететін төрт факторлардың бірі ретінде анықтайды» [17, 36 б.]. Ал, Американдық зерттеуші Р. Стил: «Біз жаппай бұқаралық ойын-сауық және бұқаралық өзін-өзі қанағаттандыруға негізделген мәдениетті қалыптастырдық... Мәдени белгілер Голливуд пен Макдональдс арқылы бүкіл әлемге таралады және басқа қоғамдардың негіздерін бұзады... басқа жеңімпаздарға қарағанда, біз басқалардың бағынуына қанағаттанбаймыз: біз өзімізді имитациялауды талап етеміз» деп жазады» [18]. Бұл көзқарастар мәдени империализм концепциясы деп қарастыруға болады. Мәдени империализм

концепциясы (Г. Шиллер, Л. Склэир) индустриалды дамыған елдердің басқа елдердің бірегейлігіне әсер ету барысында халықаралық жиындар мен ақпараттық технологияны барынша пайдаланады. Халықаралық жиындарға жаһандық мағынаға ие болған Швейцарияның Давос демалыс аймағында ағылшын тілінде өтетін әлемдік бизнес жиынын және тек, Еуропа мен АҚШ-та орналасқан адам құқығы, экология, феминизм, мультимәдениет, толеранттылық, зайырлылық мәселелерін ғылыми теория, идеология арқылы қарастыратын «мәдени интеллектуралдар клубы» жатады. Жаһанданудың қазіргі әлемдегі ақпараттық және коммуникациялық үрдістерге әсері Л. Крозерс «Жаһандану және танымал Америка мәдениеті», К. Медоуз «Бұқаралық мәдениет - қазіргі заманның әмбебап парадигмасы», Э. Тоффлер «Үшінші толқын» және басқаларының еңбектерінде зерттелген.

Жаһандану барысында ұлттық мәдениетті сақтау жолдарын глокализация терминінен табуға болады. Глокализация жаһанданудың екі бағыты жаһандық және локальдінің, гомогенизация мен гетерогенизация өзара байланыстарымен қарым-қатынастарынан үйлесуінен пайда болған [19, 15 б.]. Глокализацияның терминдік мағынасы жапон тіліндегі dochakuka сөзінен енген. Глокализацияның жаһандық және локальді тенденциялары «бірін – бірі толықтырып үнемі байланыста болады, кей жағдайда араларында қақтығыстарда орын алады» [19]. Оның себебін глокализация мен қатар жүретін глобализацияның салдарынан табуға болады. Глобализацияның басты қозғаушы күштері капитализм, америкаландыру және мақдональдтандыруды басқа географиялық аймақтарға таныстыру барысында орын алады. Дж. Ритцердің зерттеуінде глобализация (nothing) мәнсіздікті таратады [20]. Глобализация гибридикация терминімен байланысты себебі екеуі де біртұтастыққа қарама-қайшы жаһандық және жергілікті мәдениеттің бірегей қоспалары әсерінен әртүрліліктің артуына баса назар аударады. А. Моританың анықтамасы бойынша глокализация «әділетті децентрализациялық әлем» сценарийіне сәйкес, жаһандық мульти мәдениет өркениетінде қалыптасқан жергілікті мәдени жетістіктердің жаңару үрдістері жатады [21].

Орыс ғалымы В.В. Миронов: «Ғылым және технология саласы әлсіз дамыған елдер үшін қиын болмақ. Трансұлттық нарық, жалпы бәсекелестік барысында өзінің жағдайын сақтап, өзі құрған конфигурацияларының өзгеру мүмкіндігін шектейді» [22] деп, ақпараттық технологияға ерекше назар аудармаған елдердің отарлануы әрі қарай жалғасатынын айтады. Дамыған елдер ақпараттық технология мүмкіндігімен ғаламтор арқылы бұқаралық мәдениетті барынша таратып Абай Құнанбайұлының тіліндегі «жарым адам», «надан адам», Шәкәрім Құдайбердиевтің «ез адам», Рақманқұл Бердібаевтың «көзқамандарынан» қорқынышты жаңа мәдени топтардың қалыптасуын көздейді. Р. Бердібаевтың пікірінше көзқамандар мәңгүрттерден де қауіпті. Себебі мәңгүрттер өз мәдениетін білмейді, бірақ білуге тырысады және мәдениетін білмегенге олар кінәлі емес, оған отарлаушылардың саяси, мәдени, психологиялық қаруды зорлықпен пайдалануында. Бұл көзқарастар У.Э. Дюбуа, Ф. Фанонның нәсіл және отаршылдық теорияларында зерттелген. Ал көзқаман ол білімді басқа елдің тілін, тарихын біледі бірақ, өзінің тарихын мәдениетін білуге талпынбайды, керсінше одан ұялады [23]. Сондықтан олар кез – келген уақытта өз ұлтын сатуға дайын тұрады. Дамыған елдердің ғаламтор арқылы тарататын гедонистік, консюрмистік (симулякр өзінің бастапқы шынайлығынан айрылған мәдениет) сипаттағы жарнамалары адам психологиясына әсер етпей қоймайды себебі, ғаламдық интернет желісі бастапқыда әскери технологияларды дамыту нәтижесінде пайда болып тек милитаристік мақсаттарға арналғанын ұмытпауымызда қажет. Жаһандану жағдайында ұлттың болмысын сақтаудың жолы ол өткен тарихты тануда жатыр. Тарихты тану, білу Э. Гиденстің шығармасындағы «космополитизм мен фундаментализм» арасындағы конфликтіні тоқтатады. Себебі Э. Гиденстің шығармасындағы фундаменталист өзінің тарихын, мәдениетін білмегеннен кейін Абайдың тіліндегі: «Көп айтса көнді, Жұрт айтса сенді, Белгісі надан адамның» дегендей образда кіммен не үшін өштесіп жүргенін білмей де қалуы мүмкін.

Ұлттық болмысты жаһанданудың негативті тұстарынан сақтаудың тағы бір тетігі ол ұлттық қана емес әлемдік мәдениет бірлігінің бөлінбес бөлшегіне айналған құнды шығармаларын және өзіміздің ұлтымыздың хандық дәуірге дейінгі, хандық дәуір, зар-заман әсіресе Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы секілді хакімдердің адамға қатысты туындыларын барынша пайдалануымыз қажет.

Басқа мәдениеттермен байланыс орнатпаған және олардың әсерін сезінбейтін мәдениет әлемдік мәдени дамуда артта қалмақ. Жаһандық әлемге кірмейтін қоғамдар мен адамдар өздерінің жергілікті идентификациясының әлсіреуіне, мәдениетіне деген қызығушылықтарының жоғалып,

рухани белсенділігі төмендеуіне алып келеді. Мәдениет (М.Бахтин бойынша) әрдайым басқа да мәдениеттер мен дәуірлермен шекарада «жатады». Сондықтан бір халықтың мәдени ерекшелігі басқа халықтардың ерекшелігінен ажырамайды. Мәдениет қоғамның негізгі жағдайы ғана емес, дамудың ресурсы да болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Third New International Dictionary of the English Language. – N. Y.; London: Merriam-Webster, 1961. – P. 965.
- 2 Scholte, J. Beyond the Buzzword: Towards a Critical Theory of Globalization. Globalization: Theory and Practice / Ed. by E. Kofman and G. Youngs. – London: Continuum, 1996. – P. 44–45.
- 3 Robertson R. Globalization: Social Theory and Global Culture. London: Sage, 1992.
- 4 Голышев А.И. Глобализация: Культурологический подход // Вестник Псковского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные науки – 2014. - № 9. - С. 70-81.
- 5 Scholte, J. A., Robertson, R. (eds.) Encyclopedia of Globalization. – N.Y.; London: Routledge, 2006.
- 6 Wallerstein I. Globalization or the age of transition? A long term view of the trajectory of the world system // International Sociology. V. 15. 2000. № 3.
- 7 Giddens A. The Consequences of Modernity. Stanford, 1990.
- 8 Бек У. Космополитическое мировоззрение. – С. 190.
- 9 Beck U. Was ist Globalisierung? Frankfurt a. M., 1998.
- 10 Taylor, P. Beyond Containers: Internationality, Interstateness, Interterritoriality in: Progress in Human Geography, 1995. – Vol. 19. – No. 1. – P. 14.
- 11 Гобозов И. А. Государство и национальная идентичность. Глобализация или интернационализация? М., 2012.
- 12 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. А.: Атамұра, 2003. - 240 б.
- 13 Хомский Н. Прибыль на людях. М., 2002.
- 14 Global Culture: Nationalism, Globalization and Modernity / Ed. by M. Featherstone. London, 1990. P. 411.
